

"Конденсат" акционерлік бірлескен кәсіпорнының отын өндіру жөніндегі Қарашығанақ шағын тоннажды қондырғысын салу" жобасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 26 маусым N 878

"Қарашығанақ кен орнында тұрлаусыз газ конденсатын қайта өңдеу жөніндегі шағын тоннажды қондырғыны салу және іске қосу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 29 қыркүйектегі N 962 Р930962_ қаулысына, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 қаңтардағы N 7 өкіміне сәйкес және республикада газ конденсатын қайта өңдеуді ұйымдастыруды жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :

1. "Конденсат" акционерлік бірлескен кәсіпорнының отын өндіру жөніндегі Қарашығанақ шағын тоннажды қондырғысын салу"

жобасын қалыптастыру Канаданың 14,5 миллион АҚШ доллары сомасындағы, Чехияның 10 миллион АҚШ доллары сомасындағы, Израильдің 20 миллион АҚШ доллары сомасындағы кредиттері есебінен жүргізілсін және Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі осы жоба бойынша және оның барлық қаржыландыру көздері бойынша б а н к з а й м ш ы н ы а й қ ы н д а с ы н .

2. "Конденсат" акционерлік бірлескен кәсіпорны:

Қазақстанның мемлекеттік Даму банкіне тартылған кредиттерді өтеу жөнінде к е п і л д і к т е р б е р с і н ;

негізгі берешекті өтеуді, проценттерді және кредиттерге барлық жолай шығыстарды өз қаражаттарды есебінен төлеуді қамтамасыз етсін:

Қазақстанның мемлекеттік Даму банкімен ішкі кредит келісімдерін жасасын.

3. Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі бір ай мерзім ішінде:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кредиттерді өтеу жөнінде келесі жақтың кепілдігі мен Қазақстан Республикасының кепілдігін беру үшін олармен тиісті к е л і с і м д е р ж а с а с с ы н ;

Канаданың, Чехияның және Израильдің кредит беруші-банктерімен кредиттік к е л і с і м д е р ж а с а с с ы н ;

"Конденсат" акционерлік бірлескен кәсіпорнымен ішкі кредиттік келісімдер ж а с а с с ы н ;

кредиттерді дер кезінде өтеуді қамтамасыз ету жөнінде, кредиттік келісімдер күшін тоқтатуды қоса барлық қажетті шаралар қабылдайтын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстанның мемлекеттік Даму

банкi мiндеттемесiнiң негiзiнде отын Өндiрiсi жөнiнде Қарашығанақ шағын тоннажды қондырғысы құрылысын қаржыландырушы кредит берушiлерге Қазақстан Республикасының кепiлдiгiн берсiн.

5. Құрылатын Өндiрiстiң тиiмдi жұмысын және тартылған кредиттердi өтеу шартын қамтамасыз ету үшiн Қазақстан Республикасының Мұнай және газ Өнеркәсiбi министрлiгi, "Қазақгаз" мемлекеттiк холдинг компаниясы Қарашығанақ кен орнынан 400 мың тонна газ конденсаты мөлшерiнде отын Өндiру жөнiнде Қарашығанақ шағын тоннажды қондырғы үшiн жыл сайын шикiзат бөлудi, сондай-ақ конденсатты жыл сайын экспорттық берiп тұру мен оның Өңделген Өнiмдерiн кредиттердi өтеу кепiлдiгi мен жолай шығыстарды төлеу мөлшерiнде берiп тұруды белгiленген тәртiпте қарасын.

6. "Конденсат" акционерлiк бiрлескен кәсiпорнының "Қазақгаз" мемлекеттiк холдинг компаниясымен шикiзат берiп тұруға, қайта Өңделген Өнiмдердi қабылдауға және тиiстi техникалық жағдайларға, мұрагерлiк құқығы жауапкершiлiгiн сақтай отырып жасаған контрактiсi мақұлдансын. "Қазақгаз" мемлекеттiк холдинг компаниясы "Конденсат" акционерлiк бiрлескен кәсiпорнының құрылтайшысы болып табылатыны және осы кәсiпорынның Өнiмдерi Қазақстан Республикасы Президентiнiң 1995 жылғы 28 ақпандағы N 2062-қ Жарлығының 1-тармағындағы шарттар қолданылатын Қарашығанақ кен орнының Өнiмдерiне қатысты екенi ескерiлсiн.

7. Тартылған шетел кредиттерi бойынша (аванстық, сақтандыру) алдын-ала төлемдi қамтамасыз ету үшiн "Қазақгаз" мемлекеттiк холдинг компаниясы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетiнiң жоғарыда аталған 1993 жылғы 29 қыркүйектегi N 962 қаулысына сәйкес көлемдер мен аударылып болмаған қаражатты өтеу тәртiбiнде "Конденсат" акционерлiк бiрлескен кәсiпорнының шағын тоннажды қондырғы салуға жарна үлесi есебiне 60 мың тонна тұрақты конденсатын кейiн экспортқа сатуға беретiн б о л с ы н .

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлiгiнiң жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөнiндегi комитет тартылған кредиттердiң пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсiн.<*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармаққа өзгерiс енгiзiлдi - ҚРҰ-нiң 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен. P961031_

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мұнай және газ Өнеркәсiбi министрлiгiне жүктелсiн.

10. "Мұнай Өнiмдерiн Өндiру жөнiндегi кiшi тоннажды қондырғы орнату" инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетiнiң 1994 жылғы 17 маусымдағы N 668 қаулысының күшi жойылған деп т а н ы л с ы н .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК